

ӘОЖ: 3.33.331.5

## ОМАН СҰЛТАНДЫҒЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР

**Жанагелді Аяулым Балатбеқызы**

[aeka\\_8\\_27@mail.ru](mailto:aeka_8_27@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, шығыстану кафедрасының  
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С. Тулеубаева

Экономиканың заманауи дамуы жұмыспен нәтижелі қамтылуынсыз мүмкін емес, себебі бұл тиімді жұмыс істейтін икемді еңбек нарығынан туындайды және кез келген экономикалық қиындықтарға тез жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Экономикалық жаһандану процестері жоғары білікті еңбек нарығында бәсекелестікті күшейте түсетіні анық.

Мақалада қаралған мәселелер шетелдік зерттеушілер Е.Д. Фролова, Л.В. Шкваря, В.Л. Макаров, В.Ф. Максимов еңбектерінде қарастырылған. Оман Сұлтанатындағы еңбек нарығы жалпы Парсы шығанағы аймағы елдерінің еңбек нарығымен тығыз байланысты және бірқатар ерекшеліктерге ие бола отырып ортақ арнада даму үстінде. Еңбек нарығының дамуына байланысты теориялық және практикалық мәселелердің дамуына В. Русакович, А. Мохаммед, Л.С. Бочарова, Я.Я. Аль-Буссаиди сияқты авторлар үлес қосты.

Оман Сұлтанаты халқының саны 1971 жылдан бері ұдайы өсіп келеді. Егер елдің жалпы халқының саны 2007 жылы 2,7 млн адамды құраса, 2019 жылғы статистикалық деректерге сәйкес 4,6 млн дейін өсті. Небәрі он екі жылдың ішінде халықтың саны 70% артты. Жалпы халықтың 3 млн жуығы еңбекке жарамды, яғни 15-59 жас аралығында екенін ескерсек, оның 2,1 млн жұмыспен қамтамасыз етілген. 15-29 аралығындағы еңбекке жарамды жастардың жалпы халық санындағы үлесі 28% құраса, 30-59 жас аралығындағы еңбекке жарамды халықтың үлесі 68% құрайды. Салыстырмалы түрде алғанда елде еңбекке жарамды жастардың (15-29 жас) саны басым болып келеді және бұл еңбек нарығына айтарлықтай әсер етеді [1].

Жергілікті жұмысшылардың арасында да, шетелдіктердің де арасында жұмыс күшінің негізгі бөлігін ерлер (83%) құрайды. Әйелдердің еңбек нарығындағы үлесі небәрі 17% тең.

Жұмысшылардың кәсіптік топтарға сәйкес жұмыс күшінің үлесі мынадай:

- әкімшілік жұмысшылар, басқарушылар мен менеджерлер - 73386 (3%);
- ғылыми, техникалық және адами мәселелер бойынша мамандықтары- 103837 (5%);
- техникалық және гуманитарлық мамандықтары – 88647 (4%);
- кеңсе мамандықтары – 72544 (3%);
- сауда мамандықтары – 129210 (6%);
- қызмет көрсету мамандықтары – 609029 (28%);
- ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, егіншілік және аңшылық – 100075 (5%);
- өнеркәсіп, химия және тамақ өнеркәсібі кәсіптері – 148280 (7%);
- негізгі және қосалқы инженерлік кәсіптер – 888430 (40%) [1].

Осылайша елдегі негізгі жұмыс күшінде мұнай-газ саласына қажетті негізгі және қосалқы инженерлер, қызмет көрсету саласына қажетті қызметкерлер басым. Бұлар жалпы кәсіптік топтардың 68% құрайды, ал экономиканың қалған салалары айтарлықтай жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді деп айту қиын, басқа салалардың еңбек нарығындағы үлесі 32% құрайды.

Үкіметтің деректеріне сәйкес елдегі жұмыссыздық деңгейі 2020 жылы 3,1% құрады. Бұл көрсеткіш әлемнің басқа елдерімен салыстырғанда төмен болғанына қарамастан, шетелдіктер мен жергілікті азаматтардың жұмыспен қамтамасыз етілуінде бірқатар дисбаланстың бар екенін көрсетеді. Елдегі жұмыспен қамтылғандардың 22% Оман азаматтары, ал 78% – экспатрианттар. Бұл жалпы елдегі еңбек нарығындағы шетелдік жұмыс күші мен жергілікті жұмыс күшінің арақатынасын айқын көрсетеді [1].

Оманның еңбек нарығына айтарлықтай әсер етуші фактор – миграция болып табылады. Жалпы әлемдік еңбек нарығының икемділігі бір жағынан мемлекеттердің экономикалық өсімі мен дамуына оң ықпал етсе, екінші жағынан мемлекеттерге экономикалық, әлеуметтік ауыртпалықтар түсіреді.

Оманның Оңтүстік Азиямен тарихи тұрғыдағы байланысы елде осы өңірден келген жұмысшылар негізгі жұмыс күшіне айналды. Шетелдіктер 1993 жылы жалпы халықтың 26,5%-ын, 2009 жылы әлемдік қаржы дағдарысы басталған кезде 36% -ын құраса, 2019 жылы 36,6% құрады.

Мұнай қорларының ашылуы жұмысқа орналасудың жаңа көкжиегін ашып, елге мыңдаған мигранттарды тартудың басты себебі болып отыр. 2010 жылғы статистикаға сәйкес экспатрианттардың жалпы жұмыс күшіндегі үлесі 75% болса, 2019 жылғы дерек бойынша бұл көрсеткіш 90% жетті.

Шетелдік жұмыс күші көбінесе ауыр қара жұмыстарда, қызмет көрсету саласының жалақысы салыстырмалы төмен түрлерінде, өнеркәсіпте, мұнай-газ және мұнай-химия салаларында және аса жоғары біліктілікті талап етпейтін экономиканың басқа да салаларына тартылған.

Арнайы статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, жыл сайын шамамен 30 000 жуық оқушы мектепті бітіреді және олар Оманның жоғарғы оқу орындарына, шетелдік жоғарғы оқу орындарына, жеке колледждерге түседі немесе қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарына барады немесе жұмысшы ретінде еңбек нарығына шығады. Мемлекет тарапынан бөлінетін мемлекеттік гранттардың аздығына, жалпы жоғарғы оқу орындарындағы орын тапшылығына байланысты көптеген мектеп бітірушілер еңбек нарығына шығуға мәжбүр. Бұл бір жағынан, еңбек күшінің ел экономикасына түсіретін қосымша жүктеме, екінші жағынан, әлеуметтік сұрақтардың шиеленісіне алып келетін мәселе болып табылады [2].

Еңбек нарығындағы маңызды индикаторлардың бірі азаматтардың қатысу жұмыс күшіне қатысу коэффициенті болып табылады және ол елдегі әлеуетті жұмыс күші ұсынысының нақты қолданылуы туралы жалпы түсінік береді. ХЕҰ мәліметтері бойынша 2009 жылы Оманда жұмыс күшіне қатысу шамамен 58%-ды құрады, бұл 1980 жылғы 54%-дан артық, бірақ 90-шы жылдардың екінші жартысындағы 60%-дан сәл төмен. Яғни, елдегі еңбек нарығы қалыптасқан, бірақ осы елге тән дисбаланстар бар. Ондай дисбаланстар әйелдер мен ерлердің жұмыспен қамтылуы, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, жергілікті жұмыс күші мен шетелдік жұмыс күші арақатынасы, елдегі экономиканың секторларының өзіндік ерекшеліктері. Мәселен, ерлердің жұмыс күшіне қатысу деңгейі 2009 жылы шамамен 79%-ға болса, әйелдердің рөлі әлеуметтік-мәдени нормалар мен дәстүрлерге байланысты төмен деңгейде, небәрі 26% құрайды [3]. Оман қоғамындағы әйелдердің жағдайын біртіндеп жақсартуға бағытталған шараларға байланысты соңғы жылдары әйелдердің жұмыс күшіне қатысу коэффициенті өсуде. Әйелдер қоғамдық өмірге белсенді қатысып, мемлекеттік және

жеке секторлардағы үлес салмағы артты. Көбінесе әйелдер білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету сияқты салаларда жұмыс істейді.

Елдегі еңбек нарығының тағы бір мәселесі жастар арасындағы жұмыссыздық пен жастардың еңбек нарығына қатысу коэффициенті болып табылады. Оман Сұлтандығы халқы жағынан жас ел деп есептеледі, мұнда халықтың табиғи өсім деңгейі жоғары. Жыл сайын еңбек нарығына шығатын жастардың үлесі артып келеді, оның басты себебі елдегі «демографиялық көктем» өзінің шыңына жеткен жоқ. Оман үкіметінің 2019 жылғы статистикалық мәліметіне сүйенсек 15-29 жастағы омандықтар халықтың 53% құрайды.

<b>Жас топтары 2019</b>	<b>0 - 4</b>	<b>5 - 9</b>	<b>10 - 14</b>	<b>15 - 19</b>	<b>20 - 24</b>	<b>25 - 29</b>
<b>Адам саны</b>	438072,00	375024,00	282412,00	238855,00	353849,00	635572,00
<b>Жас топтары 2019</b>	<b>30 - 34</b>	<b>35 - 39</b>	<b>40 - 44</b>	<b>45 - 49</b>	<b>50 - 54</b>	<b>55 - 59</b>
<b>Адам саны</b>	685777,00	531718,00	363105,00	243153,00	160770,00	114266,00

1 кесте

Жыл сайын шамамен 30 000 жуық оқушы мектепті бітіреді және олардың бір бөлігі еңбек нарығына шығып, экономикалық белсенді халықтың құрамдас бөлігіне айналады. Еңбек нарығындағы бәсекелестік дәл осы сәтте басталады, өйткені жас омандықтардың көпшілігі еңбек нарығына шығады және жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады. Оның басты себебі бірыңғай ұқсас лауазымдарда жұмыс істейтін шетелдік жұмысшылармен салыстырғанда кәсіптік немесе жоғары білімнің және іс жүзінде жұмыс тәжірибесінің жоқтығы болып табылады.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі жас омандықтардың төмен жалақылы және қара жұмысты менсінбеушілікке де байланысты. Егер біліктілігі жоғары еуропалық жастармен салыстырғанда омандық жастардың жалпы алғанда біліктілік деңгейінің үлесі көп емес, дегенмен, көмірсутек шикізатының жоғары бағасы алдыңғы жылдардағы жүргізілген әлеуметтік саясаттағы кепілдіктер көптеген жастардың мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақыға тәуелділігінен туындады. Ал жоғары білікті жас мамандар кез келген жұмысқа келісе бермейді, көбінесе жоғары ақы төленетін «таза» әрі шарттары оңтайлы лауазымдар таңдайды [4].

Жоғарыдағы мәселелерді шешу мақсатында Оман билігі әлеуметтік-экономикалық саясаттың жаңа толқынын бастады. Соның бірі ХХ ғасырдың соңында басталған «оманизация» саясатын айтуға болады. Оманизация саясатының барысында шетелдік жұмысшыларды жергілікті азаматтармен алмастыру, әйелдерді экономиканың секторларына көптеп тарту, сапалы білім беру, жастарды жұмыспен қамту, мемлекеттік сектордан бөлек еңбекақысы жоғары жеке секторларды дамыту, экономиканың сұлтандыққа тән емес туризм, ауыл шаруашылығы, жаңа технологиялар сияқты салаларын дамыту көзделді. Нәтижесінде елдің еңбек нарығында бірқатар өзгерістер орын алды, атап айтқанда, Оман жастарының кәсіпкерлікті дамытудың SANAD бағдарламасы қабылданды, мемлекеттік және жеке сектордағы шетелдік жұмысшылар үлесі қысқарып, мемлекеттік секторда 22,3%-дан 20,8%-ға, ал жеке секторда 85,2%-дан 81,6%-ға дейін төмендеді. Аталған бағдарламаға сәйкес ел экономикасының тірек салаларына шетелдік жұмыс күшін жергілікті азаматтармен

алмастыруға бағытталған арнайы квоталар бөлудің нәтижесінде жеке сектордағы жергілікті азаматтардың саны артты.

Сонымен қатар соңғы жылдары билік жүргізіп отырған экономиканы әртараптандыру саясатына байланысты елде жаңа өндіріс ошақтары ашылып, түрлі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда, сондай-ақ қызмет көрсету саласы да қарқынды даму үстінде. Жүргізіліп отырған локализация (оманизация) саясаты жергілікті тұрғындар арасындағы жұмыссыздықты азайту және жергілікті тұрғындармен шетелдік жұмысшыларды толық алмастыру арқылы болашақ көші-қон үрдісін шешуде маңызды рөл атқарады. Бұл жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсартып, әлеуметтік шиеленістердің алдын алуына жағдай жасауда [5].

Оман Сұлтандығының экономикасына екі негізгі сипаттама тән – біріншіден, ел экономикасының көмірсутек экспортына жоғары тәуелділік, екіншіден, елдің жұмыспен қамтылған тұрғындары арасында шетелдік жұмысшылардың жоғары үлесі. Бұл сондай-ақ еңбек нарығының негізгі сипаттамаларын анықтайды: ұлттық кадрлардың жалпы жұмыс күшіндегі үлесінің төмендігі, еңбек нарығындағы сегментация, ұлттық кадрлар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, еңбек ресурстарын бөлудегі асимметрияның нәтижесінде жұмысшылардың көп бөлігі жоғары біліктілікті қажет етпейтін шектеулі салаларда жұмыс істейді. Жалпы сұлтандықтағы еңбек нарығы бүкіләлемдік еңбек нарығы аясында дамып, жетілуде, ал жоғарыда аталған факторлардың әсерінен пайда болған мәселелер мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған саясаттың нәтижесінде шешілуде.

Оман Сұлтандығында қазіргі формадағы еңбек нарығы 1971 жылы мемлекет өзінің тәуелсіздігін алған кейін қалыптасты. Сұлтандықтағы еңбек нарығы елдің экономикалық дамуы мен экономикадағы жетекші салалардың құрылымымен тығыз байланысты. Еңбек нарығының ауқымы, ең алдымен, жұмыс күшін ұдайы қайта өндірудің параметрлерімен анықталады, олар өз кезегінде жалпы халықтың динамикасымен байланысты. Елдегі еңбек нарығы халықаралық экономикалық классификация бойынша өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларының айналасына шоғырландырылған. Парсы шығанағы елдерінің экономикасында мұнай-газ секторы үлкен басымдыққа ие. Аймақ елдеріндегідей Оман Сұлтандығының экономикасының негізі көмірсутек шикізатын өндіру мен оның экспорты болып табылады және осыған байланысты жұмыс күшінің негізгі бөлігі осы салаларда шоғырланғаны белгілі [2].

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оман Сұлтандығының Статистика және ақпарат Ұлттық орталығы // дата портал [https:// data.gov.om/byvmwhe/labour-market](https://data.gov.om/byvmwhe/labour-market) [қарау мерзімі 24.03.2021]
2. Русакович В. Оман: структурные преобразования и экономический рост // Азия и Африка сегодня. 2018, №3, 48-55 бб.
3. Мохаммед А. Современные тенденции на рынке труда стран Персидского залива // «Инициативы XXI века» журналы, Бизнес, психология және басқару институты, (Химки) // <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=19863453> [қарау мерзімі 25.02.2021]
4. Аль-Бусаиди Я.Я. Некоторые аспекты правового урегулирования миграционных и инвестиционных потоков в Омане // <https://science-education.ru/ru/article/view?id=16125> [қарау мерзімі 08.03.2021]
5. Shkvaryva L.V., Frolova E.D. Transformations in socio-economic development of the Gulf group states // Economy of region. - V. 13. - № 2, 2017. – 558 p.